

егемен

Қазықаспан

Қазақстан төрағалығы үлкен үміттер тудыруда

Жас мемлекет – Қазақстанның ЕҚЫҰ сияқты беделді халықаралық Ұйымға төрағалық етуі және оның осы қызметтегі алғашқы қадамдары қазір барлық әлемдік ақпарат құралдарының назарында. Біз төменде олардың бірқатарын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз. “Нью-Йорк Таймс” газетінің бетінде белгілі дипломат, саланың білікті маманы, АҚШ-тың Қазақстандағы алғашқы елшісі Уильям Кортни қазақстандық төрағалық жөнінде өзінің пікірін айтып, ой бөлісіпті. Оның айтуына қарағанда, Қазақстан – тәуелсіздік алған сәтінен бастап өзінің даму бағытында көптеген сәтті қадамдар жасаған мемлекет.

“Ал енді Қазақстан басқарған жылы ЕҚЫҰ-ның жемісті қызмет атқаруы – беделді мемлекеттердің оның бастамаларын қолдауына тікелей байланысты”, дейді дипломат. Одан әрі Тәуелсіз Қазақстанның тарихына қысқаша шолу жасаған ол еліміздің сәтті қадамдарының сапына ядролық қарудан өз еркімен

бас тартқанын және оның инфрақұрылымдарын жоюда АҚШ-пен ынтымақтаса іс-қимыл танытқанын баса айтыпты. Сонымен қатар, жоғары деңгейде дамыған Еуропа елдерінен және АҚШ-тан инвестиция тартудағы қадамдарын сәтті істердің қатарына жатқызады. “Қазақстанның біз қызығушылық тудыратын жарқын істерінің қатарына мен ондағы этностар мен діндердің өзара татулық пен бейбітшілікте өмір сүріп, төзімділікке қол жеткізіп отырғанын да үлкен табыс ретінде қосар едім”, дейді У.Кортни. Қазақстанның бағалы ресурстарының қатарына сондай-ақ оның Ресей және Қытай секілді алып елдермен жақсы қарым-қатынаста екендігін және өзінің жақын көршілері – Орталық Азия елдерімен де тығыз ынтымақтық орната отырып, олардың арасында көшбасшылыққа қол жеткізіп отырғанын қосып, осының өзі ЕҚЫҰ-ның Қазақстан арқылы Азия кеңістігіндегі беделін арттыра береріне ықпал етері сөзсіз екендігін атап өтіпті. Айтулы саясаткер әлемдік қауіпсіздік пен экономикалық ынтымақтастық саласына да Қазақстан өзіндік үлес қоса алатынын тілге тиек етеді. Өйткені, дейді ол, бұл салаларда Қазақстан – жас та болса айтарлықтай табысқа жетіп отырған мемлекет.

“Батыс Ауғанстан, Орталық Азия және Кавказ елдерінде бейбіт өмір болғанын қалайды. Өкінішке қарай, осы аймақтардағы қауіпсіздік бұлты сейілмей тұр. Сондықтан да Батыс ЕҚЫҰ-ға Қазақстанның төрағалық еткенін пайдаланып, осы қиын түйіндерді шешуге тырысуы керек. Ал Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ЕҚЫҰ-ның саммитін өткізіп, осы мәселелерді талқылау қажеттігін алға ұсынып отырғаны – қолдауға лайықты бастама. Ұлыбританиялық “Туркиш Уикли” журналы да Лондон қаласындағы Әлемдік қауіпсіздік жөніндегі халықаралық кеңестің британиялық сарапшысы Александр Джексонның ЕҚЫҰ-ға Қазақстанның

төрағалығы жөніндегі пікірін жариялапты. Оның айтуынша, Орталық Азиядағы бұрынғы КСРО республикаларының бірі болған Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге қол жеткізуі – үлкен мәртебе. Мұндай мәртебеге Қазақстан өзінің дербес мемлекет ретіндегі сындарлы сыртқы саясатымен, салиқалы қадамдарымен қол жеткізіп отыр. Әлем жұртшылығы ЕҚЫҰ-ның әскери-саяси және экономика-экологиялық себеттерінің мәселелерін шешуде Қазақстанның әлеуетін молынан пайдаланғандары жөн. Осы қатарда ол Президент Н.Назарбаевтың бастамаларының орынды екенін көлденең тартады. Сонымен бірге, Астананың Ресей мемлекетінің Еуропалық қауіпсіздік туралы келісім-шарт жасау туралы ұсынысын кеңінен талқылауға мүдделі екендігін атап өтеді. Ауғанстан мәселесіне тоқталғанда ол Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен өзге мемлекеттерге қарағанда бұл проблемаға біршама жақын екендігін айтады. Егер Ауғанстандағы проблемалар ол елдің аумағынан асып, Тәжікстан мен Қырғызстанға тарайтын болса, Қазақстанға да тура қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан да, алыстағы еуропалық елдерге қарағанда, Қазақстан мұндағы проблемаларды шешуге аса мүдделі төраға деп айтуға болады, дейді ол. Қазақстанның Ауғанстан шекарасының бойындағы елдермен жақсы қарым-қатынаста болуы оның осы аймақта ислам экстремизміне қарсы шеп құруына және осы істе басқалармен тығыз ынтымақтастық орнатуына мол мүмкіншілік бере алады деген пікірді де көлденең тартады сарапшы. Қазақстанның Батыс Еуропа үшін энергия ресурстарының тұрақты көзі болуға ұмтылысы, сол үшін Түркия-Грузия-Әзірбайжан дәлізіне енуге тырысуы да құптарлық қадам, дейді ол. Кавказ елдері мәселелері туралы айтқанда ол жаңа төрағаның осындағы ұзаққа созылған кикілжіндерді реттеуге жасаған қадамдарына оң баға бере келіп, посткеңестік ел ретінде Қазақстан мұндағы проблемаларды шешуге басқалардан гөрі әлдеқайда жақын екенін алға тартады.

Әзірлеген Жақсыбай Самрат.